

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС. ЖАҢАНДЫҚ НАРЫҚТАҒЫ БӘСЕКЕ

Экономикалық дамудағы
ұлттық ерекшеліктер

2-тарау. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 2. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес
Дәріс: 3. Экономикалық дамудағы ұлттық ерекшеліктер

Бангладештегі экономикалық даму. Кейс

1971 жылы Бангладеш 3 миллионға жуық адамның өмірін жалмаған азаматтық соғыстан кейін Пәкістаннан тәуелсіздік алды. Осы кезде АҚШ президентінің Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Генри Киссинджер мемлекетке «ел болып жарытпайды» деген баға берді. Киссинджердің айтқаны айдай келді. Сол тұста Бангладеш әлемдегі ең кедей елдердің бірі болатын. Ел аумағының басым бөлігін құнарлы Ганг-Брахмапутра арнасы алып жатса да, табиғи ресурстардың тапшылығы, инфрақұрылымның төмен деңгейі, саяси тұрақсыздық және жемқорлықтың өршуі ұзақ уақыт бойы ел дамуына қолбайлау болды. Оның үстіне Бангладеш табиғи апаттарға жиі ұшырайтын аймақта орналасқан. Ел аумағының басым бөлігі теңіз деңгейінен небары 12 метр биіктікте жатқандықтан, жағалаудағы аймақтар тропиктік циклон, су тасқыны және теңіз толқынының өтінде тұр. Дегенмен 1990 жылдардың ортасынан бастап Бангладеш экономикалық прогреске біртабан жақындады. 2000 жылдардың басынан бері ел экономикасы жылына 6%-ға дейін өсіп отырды. Бүгінде Бангладештің 160 миллион халқының басым көпшілігі – мұсылмандар және табыс деңгейі орташадан төмен елдерге жатады. Кедейлік деңгейі әжептәуір төмендеген: тұрмысы нашар халықтың үлесі 1991 жылғы 44,2%-дан 2010 жылы 18,5%-ға дейін азайды, осының нәтижесінде 20,5 миллион сіңірі шыққан кедей-кепшіктің тұрмысы түзелді. Қазір Дүниежүзілік банктің әлемдік кедейлік туралы мәліметтер базасындағы 154 елдің ішінен 64-ші орынға тұрақтады. Әрине, даму жолы соқпақты болса да, ол ең кедей елдер тізімін абыроймен артта қалдырып отыр.

Бангладештің салыстырмалы экономикалық табысының бірнеше себебі бар. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Бангладеш социалистік саясатты қабылдады, көптеген компанияларды мемлекет меншігіне алды және ауылшаруашылық өндіріс пен негізгі азық-түлік өнімдерінің шығындарын субсидиялады. Бұндай саясат болжанған пайдаға кенелткен жоқ. 1980 жылдардағы саяси реформалар азық-түлік және ауылшаруашылық субсидияларын алып тастауға, мемлекеттік компанияларды жекешелендіруге, қаржылық ырықтандыруды және кейбір импорттық шектеулерді жоюға бағытталды. Бұдан кейінгі экономиканы ырықтандыруға бағытталған реформалар 1990 жылдары басталды. Оларға: айырбас бағамын құру. 1990 жылдардағы реформалар жартылай автократиялық режимнен парламенттік демократияға өту кезеңіне сәйкес келді. Содан бері Бангладештің жекеменшік секторы қарыштап дамып келеді. Елді даму жолына түсірген тоқыма өндірісі дүниежүзінде киім экспорты бойынша Қытайдан кейінгі екінші орынды иемденген. Бангладеш экспортының 80%-ы тоқыма өндірісіне тиесілі. Елдегі арзан еңбек күші, басқару қабілеті, тиімді сауда келісімдері және тоқыма бизнесіне арналған шикізат өнімдеріне импорттық баж салығын алып тастау арқылы мемлекеттік саясат тоқыма өндірісінің өркендеуіне жол ашты. Құнарлы аграрлық сектор мен шет елде жұмыс істейтін 10 миллионнан астам Бангладеш азаматтарының ақша аударымдарынан ел экономикасына түсетін пайда ұшан-теңіз. Ал кәсіпкерлердің бизнес бастау үшін банкке жүгінбей-ақ, шағын мөлшерде қарыз алуына жағдай туғызған микроқаржылық ұйымдар Бангладеште құрылды. Алайда үкімет экономиканың өсу деңгейін тұрақтандыру мәселесінде әлі күнге дейін бірқатар кедергілермен бетпе-бет келіп отыр. Елде инфрақұрылым дамымаған; сыбайлас жемқорлық етек жайған; ал саяси жүйе – әрі кетсе, оппозицияның үнін өшіруге ғана шамасы жететін жетілмеген демократия. Ел қарқынды даму жолына түскен тоқыма секторына тікелей тәуелді және өндірістік базаны әртараптандырудың қажеттігі туындап отыр. Сонымен қатар Бангладеш климат қолайсыздықтарынан жиі зардап шегеді. Теңіз деңгейі бір метрге көтерілсе, ел аумағының 10%-ға жуығы топан судың астында қалады, ал қалған жерлердің едәуір бөлігіне су тасқыны қауіп төнеді. Сөйтсе де, АҚШ-тың Goldman Sachs инвестициялық банкінің мәліметтеріне сәйкес, Бангладеш – тұрақты дамуды қамтамасыз ететін табыс деңгейі орташадан төмен 11 елдің бірі.

Экономикалық дамудағы ерекшеліктер

Елдердің экономикалық даму деңгейі бір-бірінен мүлде алшақ. Оның ортақ көрсеткіші жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыспен (ЖҰТ) анықталады. Жалпы ұлттық табыс



елдің экономикалық ахуалын бағамдайды; ол ел азаматтарының жыл сайынғы жалпы кірісін есептейді. Кестеде 2016 жылғы әлем халқының жан басына шаққандағы ЖҰТ көрсеткіші берілген. Көріп отырғанымыздай, Жапония, Швеция, Швейцария, Америка Құрама Штаттары және Австралия – бұл көрсеткіш бойынша ең бай мемлекеттер, ал ірі дамушы елдер – Қытай мен Үндістан кедей елдер қатарында. Мысалы, Жапонияда халықтың жан басына шаққандағы ЖҰТ көрсеткіші 2016 жылы 38000 \$ құраған, ал Қытайда тек 8260 \$, Үндістанда небары 1680 долларға тең болған.

ЖҰТ-тың жан басына шаққандағы көрсеткіштері бізді жаңылыстыруы мүмкін, өйткені ол өмір сүру деңгейінің айырмашылықтарын қарастырмайды. Мысалы, 2016 жылы Швейцарияның 81 240 \$ мөлшеріндегі жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыс деңгейі АҚШ-тың сәйкес көрсеткішінен анағұрлым жоғары болса да, Швейцарияда өмір сүрудің жоғары деңгейі америкалық азаматтардың да көптеген тауарлар мен қызметтерді Швейцарияның орташа азаматы сияқты еркін сатып алатынын білдіреді. Өмір сүру құнындағы айырмашылықты есепке алу үшін, жан басына шаққандағы ЖҰТ-ты сатып алу қабілеті бойынша бейімдеуге болады. Сатып алу қабілетінің паритеті (СҚП) көрсеткіші арқылы әр алуан елдегі өмір сүру деңгейін тікелей салыстыруға болады. Әдетте барлық елдер Құрама Штаттардағы өмір сүру құнына қарай бой түзеді, яғни әр елдің СҚП деңгейі АҚШ-тың өмір сүру құнының жоғары немесе төмен болуына байланысты есептеледі. Мысалы, 2016 жылы Қытайда жан басына шаққандағы ЖҰТ 8260 долларды, ал жан басына шаққандағы СҚП 15500 долларды құрады. Бұл Қытайдағы өмір сүру құнының төмен екенін білдіреді және Қытайдағы 8260 долларға сатып алынатын тауарлардың құны Америка Құрама Штаттарында 15500 долларға тең екенін көрсетеді. Берілген кестеде кейбір елдер үшін 2016 жылғы СҚП-ға бейімделген халықтың жан басына шаққандағы ЖҰТ деңгейі және 2007–2016 жылдар аралығындағы халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің өсу қарқыны мен жан басына шаққандағы ЖҰТ келтірілген.

Жан басына шаққандағы Жалпы ұлттық табыс (ЖҰТ), 2016 жыл.
Жан басына шаққандағы ЖҰТ, АҚШ доллары.
Төмен табыс: 765 \$ немесе одан да аз;
Орташа деңгейден төмен табыс: 765 \$ – 3035 \$;
Орташа деңгейден жоғары табыс: 3035 \$ – 9385 \$;
Жоғарғы деңгейден төмен табыс: 9385 \$ – 20000 \$;
Жоғарғы деңгейден жоғары табыс: 20001 \$ немесе одан да көп.
Мәлімет жоқ.

Нақты елдердің экономикалық деректері

Мемлекет	Жан басына шаққандағы ЖҰТ, 2016 (\$)	Жан басына шаққандағы ЖҰТ-тың СҚП-ы, 2016 (\$)	ЖІӨ-нің жылдық өсу қарқыны, 2007-2016 (%)	Экономикадағы ЖІӨ көлемі, 2016 (млрд \$)
Бразилия	8840 \$	14810 \$	2,1	1796 \$
Қытай	8260	15500	9,0	11199
Германия	43660	49530	1,3	3467
Үндістан	1680	6490	7,4	2263
Жапония	38000	42870	0,5	4939
Нигерия	2450	5740	5,0	405
Польша	12680	26770	3,6	470
Ресей	9720	22540	1,7	1283
Швейцария	81240	63660	1,6	660
Біріккен Корольдық	42390	42100	1,1	2618
Америка Құрама Штаттары	56180	58030	1,3	18569



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 2. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес
Дәріс: 3. Экономикалық дамудағы ұлттық ерекшеліктер

Кестеден көріп отырғанымыздай, елдердің өмір сүру деңгейінде елеулі айырмашылықтар бар. Кестеде СҚП негізінде Үндістанның орташа азаматының АҚШ-тағы орташа азамат тұтынатын тауарлар мен қызметтердің шамамен тек 11%-ын ғана тұтына алатыны көрсетілген, яғни бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: 1,2 млрд халқы бар Үндістанның көптеген халықаралық батыс компаниялары өндіретін тұтыну тауарлары үшін өте табысты нарық болуы екіталай. Бірақ асығыс болжам ағаттық болуы мүмкін, себебі Үндістанда кедей көп болса да, 250 миллионға жуық ауқатты орта тап бар. Түптеп келгенде, қазір Үндістан экономикасы Ресей экономикасымен иық тірестіріп тұр.

Саяси экономика және экономикалық прогресс

Елдің экономикалық дамуы ондағы экономикалық және саяси жүйелерге тәуелді дейтін тұжырым жиі айтылады. Олай болса саяси экономика мен экономикалық прогресс қарым-қатынасының сипаты қандай? Осы мәселе төңірегінде ғалымдар мен саясаткерлер арасында қызу пікірталас толастаған емес, бірақ біржақты байлам айтылмады. Алайда саяси экономика мен экономикалық прогресс қарым-қатынасының сипатына қатысты бірқатар қорытынды жасауға және айқын дәлелдерді тарқатуға болады.

Инновация мен кәсіпкерлік – дамудың қозғаушы күштері

Ұзақмерзімді экономикалық өсудің негізгі қозғалтқыштары – инновация мен кәсіпкерлік қызмет жөнінде экономистер өзара бір тоқтамға келген. Осы дәлелді алға тартатын экономистер инновация мағынасын кеңінен түсіндіреді, яғни ол жаңа өнімдермен қатар: тың процестер, жаңа ұйымдар, басқарудың соңы тәжірибесі мен жаңа стратегияларын да қамтиды. Мысалы, Uber-дің жүргізушілерге арналған смартфон қосымшасы арқылы такси шақыру стратегиясын инновация ретінде қарастыруға болады. Себебі Uber – осы стратегияны өз саласында қолданған тұңғыш компания. Осы орайда Amazon.com-ның жалпы нарықтағы онлайн сатылымды дамытуы да инновацияға жатады. Инновациялар мен кәсіпкерлік қызмет бұрын-соңды болмаған тың өнімдер мен жаңа нарықтарды құру арқылы экономикалық белсенділікті арттыруға атсалысады. Сонымен қатар өндірістегі және бизнес-процестердегі инновациялар еңбек пен капиталдың өнімділігін еселеуге септігін тигізеді, бұл өз кезегінде экономикалық өсу қарқынын үдете түседі.

Инновацияны кәсіпкерлік қызметтің қорытынды нәтижесі ретінде де қарастыруға болады. Кәсіпкерлер бірінші кезекте инновациялық жаңа өнімдер мен тың процестерді коммерцияландырады, ал кәсіпкерлік қызмет экономикаға серпін береді. Мысалы, АҚШ экономикасы кәсіпкерлік белсенділіктің артуынан көл-көсір пайда көрді, бұл өнімдер мен процестердегі инновацияларды жылдамдатты. Кәсіпкерлер Apple, Google, Facebook, Amazon, Dell, Microsoft, Oracle, Uber сияқты фирмаларды жаңа технологияны пайдалану үшін құрған болатын. Осы фирмалардың барлығы өнімдер мен процестердегі инновацияларды коммерцияландыру арқылы маңызды экономикалық құндылықтар қалыптастырып, өнімділікті арттырды. Олай болса, ел экономикасы ұзақмерзімді экономикалық өсуді сақтап тұруы үшін, бизнес-орта тауардың біртіндеп өндірілуі мен инновациялық процестерге және кәсіпкерлікке қолдау көрсетуі қажет.

Инновация мен кәсіпкерлік нарықтық экономикамен өзектес

Осыдан елдегі бизнес-ортаның инновациялар мен кәсіпкерлік қызметке ықпал етуі үшін не қажет екені туралы сұрақ туындайды. Осы мәселені талқылағандар нарықтық экономиканың артықшылықтарын атап көрсетеді. Жоспарлы немесе аралас экономикаға қарағанда, нарықтық экономикамен байланысты экономикалық еркіндіктің инновация мен кәсіпкерлікке серпін беретіні тұжырымдалған. Нарықтық экономикада инновациялық



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 2. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес
Дәріс: 3. Экономикалық дамудағы ұлттық ерекшеліктер

идеясы бар кез келген адам бизнес бастау арқылы осы идеядан пайда таба алады. Сол сияқты, жұмысын жүргізіп отырған бизнес те инновацияны қолданысқа енгізу арқылы өз қызметін жетілдіре алады. Олар табысты болған жағдайда, жеке кәсіпкерлер де, қалыптасқан компаниялар да жоғары пайда түрінде сыйақыға қол жеткізеді. Қарап отырсақ, нарықтық экономикада инновацияларды дамытатын зор мүмкіндіктер бар. Жоспарлы экономикада өндіріс құралдары тұтастай мемлекет еншісінде. Демек, жеке кәсіпкерлердің құнды, тың инновацияларды дамытуға экономикалық ынтасы болмайды, өйткені табыстың басым бөлігін жеке тұлға емес, мемлекет иемденеді. Бұрынғы коммунистік мемлекеттерде экономикалық еркіндік пен инновацияға қолдау көрсетілген жоқ, сондықтан экономикалық тоқыраудың негізгі факторына айналды, нәтижесінде, 1980 жылдардың соңында одақтың құлдырауына әкеп соқтырды. Мемлекет монополиясы басым бірқатар аралас экономикалар да осындай тоқырауды бастан өткерген. Бұл тоқырау 1980 жылдардың ортасында көптеген аралас экономикалардағы кең ауқымды жекешелендіруге ұйытқы болды, бұл процесс әлі де үздіксіз жалғасуда. 20 жылдың ішінде 102 мемлекетті зерттеу экономикалық еркіндік пен экономикалық өсудің арасындағы тығыз байланыс бар екенін дәлелдеді. Зерттеу қорытындысына сәйкес, 1975–1995 жылдар аралығында экономикалық еркіндік артқан сайын экономикалық өсудің қарқыны артып, тұрғындар да баи бастаған. Экономикалық еркіндік деңгейі бойынша озық алты ел 1975 жылдан 1995 жылға дейінгі аралықта экономикалық өсу қарқыны бойынша алғашқы ондыққа кірді. Керісінше, экономикалық еркіндігі төмен елдердің ешқайсысы оңтайлы өсу қарқынына қол жеткізе алмады. 1975–1995 жылдар аралығында экономикалық еркіндік индекстері ең көп қысқарған 16 елде жалпы ішкі өнім жылына 0,6%-дық мөлшерге төмендеген.

Инновация мен кәсіпкерлік меншік құқықтарының қатаң сақталуын талап етеді. Жеке-меншікті заңды түрде қатаң қорғау бизнес-ортаның инновацияларға, кәсіпкерлік пен экономикалық өсуге қолдау көрсетуін талап етеді. Жеке тұлғаларға да, бизнеске де инновациялық идеялардан пайда алу мүмкіндігі берілуі керек. Меншік құқықтары тиісті деңгейде қорғалмаса, компаниялар мен жеке тұлғалардың инновация жасауға жұмсаған күш-жігері зая кетеді, яғни қылмыстық топтар немесе мемлекет олардың еңбегін иемденіп алуы мүмкін. Мемлекет инновациядан түскен пайданы шамадан тыс салық салу сияқты заңды жолдармен немесе жеке немесе заңды тұлғалардың белгілі бір аймақта бизнес жүргізуге лицензия алу үшін мемлекеттік бюрократтарға пара беруі сияқты заңсыз жолдар арқылы меншіктен мәжбүрлеп айыруы мүмкін. Нобель сыйлығының лауреаты, экономист Дуглас Норттың айтуынша, тарихта бірталай мемлекеттер осындай қадамдарға барған. Меншік құқықтарының нашар қорғалуынан инновациялар мен кәсіпкерлік қызметке ұмтылыс бәсеңдейді, өйткені мұндай қызметтен түскен пайда «ұрланады», демек, экономикалық өсу қарқыны да кемиді.

Қолайлы саяси жүйе

Меншік құқықтары қатаң қорғалатын айналымдағы нарықтық экономикаға қандай саяси жүйе арқылы тиімді қол жеткізуге болатыны төңірегінде дау көп. Батыс халқы өкілетті демократияны нарықтық экономикалық жүйе, меншік құқығының қатаң қорғалуы және экономикалық прогреспен байланыстыруға бейім. Осы тұрғыдан алғанда, даму үшін демократияның маңызы зор. Алайда кейбір тоталитарлық режимдер нарықтық экономика мен меншік құқығының қатаң қорғалуына тиісті жағдай жасап, жылдам экономикалық өсуге жол ашты. Соңғы 30 жылда ең жылдам дамып келе жатқан бес экономика – Қытай, Оңтүстік Корея, Тайвань, Сингапур және Гонконг елдерінде экономикалық өсуге дем берген ортақ нәрсе – демократиялық емес үкімет еді. Сонымен қатар Үндістан сияқты тұрақты демократиялық үкімет орнаған елдердегі баяу экономикалық өсу ұзақ уақытқа созылды. 1992 жылы Сингапурдың көп жылдар бойы билік тізгінін ұстаған көшбасшысы Ли Куан Ю халыққа: «Демократия – дамудың кілті дегенге сенбеймін. Менің ойымша, елде демократиядан бұрын тәртіпті дамыту қажет. Демократияның артық болуы дамуға қолайсыздық туғызатын бассыздық пен тәртіпсіздікке әкеледі», – деген.



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 2. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес
Дәріс: 3. Экономикалық дамудағы ұлттық ерекшеліктер

Түптеп келгенде, тоталитарлық режимнің құндылығы жайында дауласатындар маңызды нәрсені қаперге алмайды: егер диктаторлар мемлекетін байлыққа кенелтсе, онда Африка, Азия және Латын Америкасының бірқатар елдері 1960–1990 жылдар аралығында көркейіп, гүлденуі керек еді, бірақ іс жүзінде олай болмады. Ендеше нарықтық жүйесі қалыптасқан және меншік құқықтары қатаң қорғалатын тоталитарлық режим ғана экономикалық өсуді арттыра алады. Әйтсе де диктатураның мұндай үдемелі саясатты жалғастырмайтынына ешқандай кепілдік жоқ. Әдетте диктаторлар бір-біріне тілектес емес. Кейбір басшылар мемлекеттік аппаратты қара басының қамы мен меншік құқығын бұзу, сондай-ақ экономикалық өсуді тежеу үшін жиі пайдаланады. Осы орайда диктаторлық режимдерге қарағанда, демократиялық режимдер ұзақмерзімді экономикалық өсуге әлдеқайда қолайлы. Кемеліне жеткен, мінсіз демократияда ғана меншік құқықтары жан-жақты қорғалған. Амартия Сеннің бұған дейін қарастырған дәлелдерін есте сақтау керек. Адам еркіндігін шектейтін тоталитарлық мемлекеттер адамның дамуына кедергі келтіреді, тиісінше, экономикалық өсуге де кері әсерін тигізеді.

Елдер мысалы

Қытайдағы меншік құқығының қалыптасуы

2007 жылдың 1 қазанында Қытайда ауылдық және қалалық жалға алушыларға әлдеқайда қауіпсіз меншік құқығын ұсынатын жаңа заң қолданысқа енгізілді. Аталмыш заң Қытайдың соңғы отыз жылдағы экономикасының өзгерісіне ауадай қажет еді, өйткені экономика орталықтанған жоспарлы жүйеден серпінді нарықтық экономикаға бет алған кезде, экономикалық белсенділіктің үштен екісі жеке кәсіпорындардың қолында болатын.

Қытайдағы жердің барлығы әлі де техникалық тұрғыда мемлекетке тиесілі болса да, үкімет күні бүгінге дейін басқаруды марксизм идеологиясында жүргізу қажеттігіне сенімді, үкімет қалалық жалға алушыларға жерді пайдалану үшін 40–70 жылдық, ал ауылдық фермерлерге жерді 30 жылдық мерзімге жалға берді. Жерді жалға алушыларға құқықтық мәртебе берілмегендіктен, олар мемлекеттің алдында кіріптар күй кешіп отыр. Ауылшаруашылық жерлер кең ауқымды тұрғын үй құрылысы мен зауыт құрылысына алынып, миллиондаған фермерлер жерсіз қалды. Кейбір шаруаларға мардымсыз өтемақы берілді, кейбіріне мүлдем өтемақы төленген жоқ, сондықтан олар қалаға қарай жөңкіліп, қаладағы тұрмысы төмен таптарға қосылды. Қалалық және ауылдық жерлерде мүлік пен жер туралы даулар қоғамдық тәртіпсіздіктерге түрткі болды. Мемлекеттік ақпарат көздеріне сүйенсек, 2006 жылы Қытайда 23000-ға жуық әлеуметтік тәртіпсіздік меншік құқықтары бойынша «жаппай қақтығысқа» ұласқан.

Коммунистік партияның солшыл белсенділерінің идеологиялық қарсылығынан кейін 14 жыл бойы дайындалып, 2007 жылы қабылданған заң қалалық және ауылдық шаруаларға 30–70 жылдық жерді жалға алу мерзімі аяқталған соң, жалға алу туралы құжаттарын автоматты түрде жаңартуға құқық береді. Сонымен қатар жаңа заң негізінде жер басқа мақсаттарға қажет болған жағдайда жерді пайдаланушылар лайықты өтемақыларын алады және жеке тұлғалардың да меншіктері заңмен қорғалады. Қытай конституциясындағы 2004 жылғы жеке меншікке «қол сұқпау» туралы өзгеріс пен жаңа заң мүліктік құқықтарды айтарлықтай күшейтті. Дегенмен заңның кейбір шектеулері бар. Нақтырақ айтқанда, шаруаларға жұмыс істеп жатқан жерлеріне тауарлық құқық берілмейді. Шаруалардың жерлерін сата алатын мүмкіндігі болса, толық жұмыспен қамтылмаған миллиондаған фермерлердің кез келген жерде табысты жұмыс таба алатыны рас. Ал қалғандары жер учаскелерін кеңейтіп, анағұрлым тиімді пайдаланар еді. Сонымен қатар фермерлер өнімділікті арттыру мақсатында жер учаскелерін инвестицияға салатын қаражат алу үшін кепілге қоя алады.

Халықаралық бизнестің пайдасы, шығыны, тәуекелі және оның жалпы тартымдылығы

Елде бизнес жүргізуден түсетін пайда, шығындар мен тәуекелдер – осы елдің саяси, экономикалық және құқық жүйелерінің функциясы. Елдің нарық немесе инвестициялық орта



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 2. Ұлттық ерекшеліктер және халықаралық бизнес
Дәріс: 3. Экономикалық дамудағы ұлттық ерекшеліктер

ретіндегі жалпы тартымдылығы сол елде бизнес жүргізуден туындайтын ұзақмерзімді пайда ықтималдығы және мүмкін болатын шығындар мен тәуекелдер теңгеріміне байланысты. Мұнда пайда, шығындар және тәуекел факторларын қарастырамыз.

Пайда. Кең мағынасында, елде бизнес жүргізудің ұзақмерзімді ақшалай пайдасы нарықтың көлеміне, сол нарықтағы тұтынушылардың қазіргі кездегі әл-ауқатына және болашақ тұтынушылардың жағдайына байланысты болады. Кейбір нарықтар тұтынушылар саны бойынша ауқымды болғанымен, өмір сүру деңгейінің төмендігі сатып алу қабілетінің шектелгенін білдіреді, демек, экономикалық тұрғыдан нарық салыстырмалы түрде ықшам болуы мүмкін. Халықаралық компаниялар осы айырмашылықтарды білуге тиіс, бірақ олардың елдің болашақ мүмкіндіктері туралы ұмытпағаны абзал. 1960 жылы Оңтүстік Корея үшінші әлемнің кедей елдерінің бірі ретінде қарастырылды. 2017 жылы ол әлемдегі ең үлкен экономикалар ішінде 15-ші орынға ие болды. Оңтүстік Кореяның әлеуетін 1960 жылы мойындаған және осы елде бизнес жүргізе бастаған халықаралық фирмалар бұнда бизнес жүргізуден бас тартқандарға қарағанда әлдеқайда мол пайдаға кенелді.

Шығындар. Елде бизнес жүргізу шығындары саяси, экономикалық және құқықтық факторларға байланысты. Саяси факторларға келетін болсақ, компанияға сол елде бизнес жүргізуге үкімет рұқсат беруі үшін, компания мықты саяси объектілерге өтемақы төлеуге мәжбүр болуы мүмкін. Саясаткерлер сайлаушылардың алдында жауапкершілік арқалайтын ашық демократиялық қоғамдарға қарағанда, жабық тоталитарлық мемлекеттерде пара беру жиі тіркеледі. Компанияның нақты нарыққа қол жеткізу үшін пара беруі мұндай әрекеттердің заңды және этикалық салдары негізінде анықталуы керек.

Тәуекелдер. Елде бизнес жүргізу тәуекелдері де, шығындар сияқты, бірқатар саяси, экономикалық және құқықтық факторларға байланысты. Саяси күштердің елдегі бизнес-ортада кәсіпорындардың табысы мен басқа да мақсаттарына кері әсер ететін түбегейлі өзгерістерге итермелеу ықтималдығы саяси тәуекелді анықтайды. Ендеше саяси тәуекел қоғамдық толқулар мен тәртіпсіздіктерді бастан кешіріп отырған елдерде немесе қоғамның негізгі сипаты әлеуметтік толқуларды қоздыратын елдерде анағұрлым айқын болуы мүмкін. Әдетте әлеуметтік толқулар: ереуілдер, наразылық білдіру, терроризм және зорлық-зомбылық жанжалдары ретінде көрініс табады. Бұндай тәртіпсіздіктер көбінесе көпұлтты елдерде, бәсекелес идеологиялар саяси билік үшін күресіп жатқан елдерде, экономиканың нашар басқарылуынан жоғары инфляция мен өмір сүру деңгейі төмендеген елдерде және өркениеттер арасында келіспеушілік бар елдерде жиі кездеседі.

Басқа тәуекелдер ел экономикасын басқарудағы олқылықтан пайда болады. Нашар экономикалық басқару бизнес-ортаны шұғыл өзгертеді, яғни нақты кәсіпорындардың пайдасына және басқа да мақсат-міндеттеріне залал келтіреді. Осы ықтималдықты экономикалық тәуекел анықтайды. Экономикалық тәуекелдер саяси тәуекелге біршама бағынышты. Экономиканы олақ басқару көптеген қоғамдық толқуларға, демек, саяси тәуекелге алып келуі мүмкін. Сөйтсе де экономикалық тәуекелдерді бөлек санат ретінде қарастыру керек, өйткені экономиканы нашар басқару мен қоғамдық толқулар арасында әрдайым тығыз байланыс болмауы мүмкін. Экономиканың дұрыс басқарылмауын анықтайтын көрсеткіштердің бірі – елдегі инфляция деңгейі. Ал екіншісі – елдегі бизнес пен мемлекеттік қарыз деңгейі.

Жалпы тартымдылық. Елдің халықаралық бизнес үшін әлеуетті нарық немесе инвестициялық алаң ретіндегі жалпы тартымдылығы осы елде бизнес жүргізуден түсетін пайда мен шығынға, тәуекелге тікелей байланысты. Негізі, шет елде бизнес жүргізуге байланысты шығындар мен тәуекелдер экономикасы дамыған және саяси тұрғыдан тұрақты демократиялық елдерде төмен болады, ал артта қалған және саяси тұрақсыз елдерде әлдеқайда жоғары. Алайда ұзақмерзімді пайда экономикалық дамудың ағымдағы даму деңгейіне немесе саяси тұрақтылыққа ғана емес, сондай-ақ болашақтағы экономикалық өсу қарқынына да байланысты. Экономикалық өсу еркін нарықтық жүйе функциялары мен елдің даму қабілетіне тәуелді. Барлық басқа шарттар тең болған жағдайда, яғни еркін нарық жүйесі бар, инфляция күрт көтерілмейтін немесе жеке секторда берешегі жоқ, саяси тұрақты және дамушы елдерде пайда мен құн арасындағы ымыра қолайлырақ болатыны туралы қорытынды жасауға болады. Әлбетте, ол саяси тұрғыда тұрақсыз, аралас немесе әміршіл экономикада жұмыс істейтін немесе алыпсатарлық қаржы көпіршіктері шамадан тыс қарыз алуға әкеліп соқтыратын елдерде қолайсыз болмақ.



Бұл дәрісте елдердің саяси, экономикалық және құқық жүйелерінің ерекшеліктері қарастырылды. Елде бизнес жүргізудің әлеуетті пайдасы, шығыны мен тәуекелдері оның саяси, экономикалық және құқық жүйелеріне тәуелді. Дәрісте келесі мәселелер айқындалды:

1. Елдегі экономикалық прогрестің қарқыны осы елде меншік құқықтары қорғалған нарықтық экономиканың жұмыс істеу дәрежесіне байланысты.

2. Қазір көптеген елдер өтпелі кезеңде тұр. Тоталитарлық үкіметтер мен әміршіл немесе аралас экономикалық жүйелерден демократиялық саяси институттар мен еркін нарықтық экономикалық жүйелерге айқын беталыс бар.

3. Елдің нарық немесе инвестициялық орта ретінде тартымдылығы сол елде бизнес жүргізудің ұзақ мерзімді ықтимал пайдасына, ықтимал шығындары мен тәуекелдеріне байланысты.

4. Елде бизнес жүргізудің артықшылықтары елдегі нарық ауқымы, халықтың сол кездегі әл-ауқаты және оның болашақтағы өсу әлеуетіне байланысты. Қазіргі уақытта кедей, бірақ тез дамып келе жатқан елдерге инвестиция салу арқылы фирмалар болашақта нарыққа алғашқы жол салушының артықшылықтарын иемдене алады.

5. Нарыққа қол жеткізу үшін саяси төлемдер жасалуы қажет, ал қосалқы инфрақұрылым жетіспейтін немесе нашар дамыған, сондай-ақ жергілікті заңдар мен ережелердің сақталуы қымбатқа түсетін елде бизнес жүргізу шығындары әдетте жоғары.

6. Саяси тұрақсыз елдерде сауатсыз экономикалық басқарудан және құқықтық базаның жетіспеушілігінен бизнес жүргізу тәуекелдері басым болады, себебі меншік құқығы мен контракт бұзылғанда, олар тиісті кепілдіктерді қамтамасыз етуі қажет.